

Хаттама №1

Өткізілген күні: 28.09.2026ж

Қатысқандар: Тайтөбе ауылы ЖОББМ мұғалімдер тұжымы;

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілу жағдайы;
2. Мектеп оқушыларының мектеп формасы;
3. Мектептің жылу жүйесі мен оқу кабинеттерінің оқу жылына дайындығы;

Бірінші мәселе бойынша мектеп кітапхана меңгерушісі Куатбекова С. баяндады. Кітап қоры: барлығы - 12883 дана кітап. Оның ішінде оқулықтар – 10393. Оның ішінде әдебиеттер – 2305. Оның ішінде электронды оқулық -180;

Қазақ тілі: бірінші бөлім - 100; Екінші бөлім - 100; (Алматы: Атамұра, 2026)

Әдебиеттік оқу -100 дана; (Алматы: Атамұра, 2026);

Математика:бірінші бөлім-100дана;Екінші бөлім-100 дана;(Алматы:Кітап Баспасы, 2026);

Дүниетану - 100 дана; (Алматы:Кітап Баспасы, 2026);

Музыка-100 дана; (Алматы:Кітап Баспасы, 2026);7-сынып оқушыларына арналған:

Дүниежүзі тарихы 100 данасы алынды (Алматы: Мектеп, 2026)

2027 жылы мектепке келіп түсетін оқулықтар тізімі:

Сонымен қатар, 2027 ж.қаңтар айында 4 сынып оқушыларына: қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика, музыка, дүниетану. 9 сынып оқушыларына: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, құқық негіздері, русский язык и литература, информатика, дүниежүзі тарихы. Ал сәуір айында 8 сынып оқушыларына: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі және әдебиеті, физика, химия, биология, алгебра, геометрия, ағылшын, көркем еңбек осы аталған пәндердің барлығы жаңадан толықтырылады.

Екінші мәселе бойынша ДТІЖО Ауез Каепов сөз алды. Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген.

Мектеп формасына қойылатын талаптар:

5-тармақ. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден аспайтын түстерді араластыруға рұқсат етіледі.

6-тармақ. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

7-тармақ. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

13-тармақ. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

ҚР «Білім туралы» Заңының 49-бабы 2-тармағына сәйкес ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

➤ білім беру ұйымының жарғысында айқындалған ережелерді, білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды орындауға;

➤ білім беру ұйымында белгіленген киім нысанын сақтауға;

➤ балалардың оқу орнындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабы 15-2-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдарында оқушылар жауапкершілікті. Білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар және ата-аналар мен оқушылардың міндеттері мектеп жарғысында бекітілген.

Мектептер білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімдер және әрбір оқушының ата-аналары мен заңды өкілдері қол қойған ішкі тәртіп ережелерін басшылыққа алады.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 409-бабының 2-тармағына сәйкес ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер міндетті мектеп нысанына білім беру саласындағы заңнама нормаларын сақтамаған жағдайда айыппұл салынады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- ✗ Оверсайз (тым кең, үлкен өлшемді) киімдер;
- ✗ Джинсы шалбарлар мен кез келген спорттық киімдер;
- ✗ Қыз балаларға: Тобықтан түсетін (тым ұзын) юбка кию;
- ✗ Ұл балаларға: Шолақ балақты (қысқа) шалбар кию;
- ✗ Сырт келбет: Жасанды кірпік тағуға, бет-әлпетті бояуға (макияж) және шашты түрлі түске бояуға. Талаптар сақталмаған жағдайда келесі шаралар қолданылады. Алдымен мектеп әкімшілігі тарапынан ата-анаға ресми түрде қатаң ескерту жасалады; Ескерту нәтиже бермеген жағдайда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 409-бабы, 2-бөлігіне сәйкес, ата-аналарға (немесе заңды өкілдерге) 5 АЕК көлемінде (21 625 теңге) ресми айыппұл салынады.

Үшінші мәселе мектептің жылу жүйесі мен оқу кабинеттерінің оқу жылына дайындығы. 300 оқушыға арналған мектеп. 27 оқу кабинеттері бар. 2 ауысымдық.

400 тонна шұбаркөл маркалы көмір. Тоннасы 27 000 теңгеден. 2 тонна өткен ауысымнан қалған.

Инклюзивті білім беруді дамыту. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында инклюзия кабинетін қазан айында ашу жұмыстары жүргізілуде. Облыстық білім басқармасы бөлген қаражат-12 500 000 теңге.

Коворкинг аймағы. Мектептің екінші қабатында, кітапхананың алдындағы фойеде коворкинг және мұғалімдерге арналған арнайы аймақ жасау жоспарланып отыр. Мектептің үнемделген қаражатынан бөлу жоспарланған - 12 000 000 теңге.

Қауіпсіздік және бейнебақылау жүйесі. 65 - цифрлық бейнекамера; 5-ЖБО-ға тікелей қосылған; 2-дабыл түймесі, 30+тәулік жазба сақталады.

Камералардың бөлінісі: 13 сыртқы; 44 ішкі; 8 2025 жылы қосылған жаңа камера.

Техникалық қамтамасыз ету:

- Жүйе бұлтты технология және VPN арнасы арқылы жұмыс істейді
- Қызмет көрсетуші мердігер — «Протон-Б»
- Өрт дабыл жүйелері тексеріліп, алғашқы өрт сөндіру құралдары дайын

Мектеп автобусы. Автобусты жаңа оқу жылында пайдалануға қажетті барлық негізгі дайындық жұмыстары жүргізілді.

Шешім:

1. Оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілу жағдайы жыл бойы жалғасын тапсын;
2. Мектеп оқушыларының мектеп формасы қатаң сақталсын;
3. Мектептің жылу жүйесі мен оқу кабинеттерінің оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп бағалансын;

Хатшы:



Ж.Имантаева